

**Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Ново-Хайрузовка ауылдық округі
Ново-Хайрузовка, Приморское, Алыбай ауылдарының көшелерін қайта атау туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Ново-Хайрузовка ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 5 наурыздағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 11 наурызда № 6752 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 35 – бабының 2 – тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 – бабы 4) тармақшасына сәйкес, Ново - Хайрузовка ауылының тұрғындарының пікірлерін және Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 03-18/805 қорытындысын есепке ала отырып, Ново – Хайрузовка ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Ново - Хайрузовка ауылдық округі Ново - Хайрузовка ауылының келесі көшелері қайта аталсын:

- 1) "Ленина" көшесі "Павел Польшин" көшесіне;
- 2) "50 лет Октября" көшесі "Сәкен Сейфуллин" көшесіне;
- 3) "Первомайская" көшесі "Мұхтар Әуезов" көшесіне.

2. Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Ново-Хайрузовка ауылдық округі Приморское ауылының келесі көшесі қайта аталсын:

- 1) "Советская" көшесі "Әлия Молдағұлова" көшесіне.

3. Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Ново-Хайрузовка ауылдық округі Алыбай ауылының келесі көшесі қайта аталсын:

- 1) "Красноярская" көшесі "Қызылжар" көшесіне.

4. "Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Ново-Хайрузовка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Катонқарағай ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;
- 3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Катонқарағай ауданының әкімдігінің интернет – ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ново-Хайрузовка ауылдық округінің әкімі

Л. Мамырханова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК